



«№13 орта мектебі» КММ

Магистранттың 2025-2026 оқу жылы бойынша жылдық жоспар

Магистр: Ғабитқызы Г.

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

Арнайы педагогтың (магистрдің) жылдық жұмыс жоспары — ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың жеке мүмкіндіктері мен даму деңгейін ескере отырып, тиімді түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған құжат.

Жоспар ҚР «Білім туралы» Заңы, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы, сондай-ақ Инклюзивті және арнайы білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері негізінде жасалды.

Магистр дәрежесіндегі арнайы педагогтың негізгі міндеттері:

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау және психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу;
- баланың жеке даму траекториясын жоспарлау;
- түзету-дамыту, бейімдеу және әлеуметтік интеграция бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагогтер мен ата-аналарға әдістемелік, консультативтік көмек көрсету;
- ғылыми-зерттеу қызметін дамыту және инклюзивті тәжірибені жетілдіру.

Жоспар келесі бағыттар бойынша құрылды:

1. Ұйымдастырушылық жұмыс — құжаттамаларды реттеу, оқушыларды есепке алу, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу.
2. Диагностикалық жұмыс — балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік даму деңгейін анықтау.
3. Түзету-дамыту жұмысы — жеке және топтық сабақтар өткізу арқылы баланың сөйлеу, ойлау, қимыл және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.
4. Әдістемелік және ғылыми бағыт — тәжірибелік және зерттеу жұмыстарын жүргізу, педагогикалық инновацияларды енгізу.
5. Ата-аналармен жұмыс — кеңес беру, психологиялық қолдау көрсету, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайту.

2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары

№	Жұмыс бағыты	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Диагностикалық жұмыс	Балалардың даму деңгейін анықтау (психо-педагогикалық карта толтыру)	Қыркүйек
2	Түзете-дамыту сабақтары	Артикуляциялық жаттығулар, сенсорлық даму, ұсақ моторика, сөйлеуді түсіну, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру	Жыл бойы
3	Жеке даму бағдарламасын әзірлеу	Әр балаға жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) құру	Қыркүйек–қазан
4	Ата-аналармен жұмыс	Кеңес беру, семинарлар, ашық сабақтарға қатыстыру	Токсан сайын
5	Мұғалімдермен ынтымақтастық	Инклюзивті сыныптағы мұғалімдермен әдістемелік кеңес	Токсанына 1 рет
6	Ғылыми-зерттеу жұмыс (магистр)	Арнайы педагогика бойынша зерттеу жүргізу, баяндама/мақала дайындау	Жыл бойы
7	Әдістемелік жұмыс	Әдістемелік бірлестіктерге қатысу, ашық сабақ өткізу	Жыл бойы
8	Құжат жүргізу	Сабақ кестесі, журнал, диагностикалық парақ, есептер	Үнемі
9	Қорытынды-талдау жұмысы	Оқу жылының соңында мониторинг пен талдау	Мамыр